



Автор: Баймуратова Шолпан Жумабаевна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Натурал сандар және нөл

Тақырып: Натурал сандар және нөл саны. Координаталық сәуле

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.1.1 натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру; 5.1.1.2 тақ және жұп сандар ұғымдарын меңгеру;
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларға натурал сандарды жазу жолдарын үйрете отырып, есеп шығару барысында қолдана білуге машықтандыру, оқушыларды сандық және әріпті өрнектермен таныстыру, есеп шығаруда өрнектерді қолдану
Бағалау критерийлері:	Оқушылар натурал сандар ұғымын біледі, түснөді және есеп шығаруда пайдаланады. Қосудың қасиеттерін қолдана отырып, әріпті өрнекті дұрыс түрлендіреді; Көбейтудің қасиеттерін қолдана отырып, әріпті өрнекті дұрыс түрлендіреді;
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс:	Өнер, информатика сабағы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. Психологиялық ахуал туғызу. Мұғалім оқушылардан, олардың өз есімін және есімі қай әріптен басталып тұр сол әріптен келетін өз бойында бар бір жағымды қасиетін айту. Мысалы, Сарсен – сүйкімді, Мейіржан – мейірімді, Аяжан – ақылды, Дана – данышпан, т.с.с. Миға шабуыл әдісі арқылы сұрақтар қою: Блалар сендер натурал сандар дегенді қалай түсінесіңдер?	Шаттық шебері

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (24 мин)	<p>Өткен тақырыпты меңгере отырып жаңа тақырыпқа қадам басу үшін «Друзья по часам» техникасын қолданып, оқушылар жұптаса жұмыс жасайды. - Әр оқушы әр топтағы хұрбысымен кездесу үшін жұптарын іздейді, - Әр түрлі уақыттарда оқушылар әр түрлі тапсырмалар алады. Ойларымен бөлісіп, тапсырманы орындайды. - Әр оқушы бірнешеоқушымен жұптасып шығады, бірге тапсырма орындайды. Таратылған тапсырмалар Сандарды кластарға бөліп жазыңдар. 1) 46870 - 46 мың 8703) 8215734 - 8 млн 215 мың 734 2) 315600 - 315 мың 600 4) 246047000505 -246 млрд 47млн 505 Санауда қолданылатын 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, ...сандары Натурал сандар деп аталады. 1 саны - ең кіші натурал сан.Бастауыш сыныптарда натурал сандарға амалдар («+», «-», «*», «/»)қолдануды үйренгенсіңдер. Натурал сандарға амалдар қолдануды ескетүсіріп, қайталайық. № 1 есеп. Есептеңдер. 1) $37 * 42 - 1461 = 1554 - 1461 = 93$; 2) $728 : (617 - 526) = 728 : 91 = 8$; 3) $1541 : 23 - 21 * 3 = 67 - 63 = 4$; 4) $900 : 15 + 640 : 16 = 60 + 40 = 100$; 5) $202 * 39 - 2952 : 41 = 7878 - 72 = 7806$; 6) $(871 + 433) * 7 - 9120 = 1304 * 7 - 9120 = 9128 - 9120 = 8$. № 2есеп. 1) $x + 85 = 1440 : 15$ $x + 85 = 96$ $x = 96 - 85$ $x = 11$ 11 + 85 = 1440 : 1596 = 96 Әр топаға арналған тапсырмалар: Тапсырма: $2x + y = 10$ екені белгілі болса, $43 + x + 51:3 + x + y$ өрнегінің мәнін анықтаңыз. $43 + x + 51:3 + x + y = 43 + 27 + 2x + y = 60 + 2x + y = 60 + 10 = 70$ 1. Өрнекті ықшамдаңыз: $34x - x + 5x$ 2. Бір қапта x кг картоп болған, ал екіншісінде 2 есе үлкен. Екіқапта қанша килограмм картоп болған? 3. Арман y тапсырма орындады, ал Мәриям -4 есеп артық шығарды. Арман мен Мәриям барлығы қанша есеп шығарды? 4. Ықшамдаңыз: $4b + 15 + 3b - 10 + b$ 5. Екі өрнек берілген: $9(856 + 342)$ және $9 \cdot 856 + 8 \cdot 856$. Өрнектің қайсысы үлкен Жаңа материалды бекіту тарысынды, сыни тұрғыда олаудың «Қатені тап» атты техникасын қолданамыз. Тапсырма 1. Өрнекті ықшамдаңыз. а) $27x + 4y + 29x + 12y = (27 + 29)x + (4 + 12)y = 56x + 16y$ б) $7b - 5b + 13 + 2b + 10 = (7 - 5 + 2)b + 13 + 10 = 4b + 23 = 27b$ с) $13z + 2z + z - 5z = 10z$</p>	Таныстырылым, оқулықпен жұмыс
Сабақтың соңы (9 мин)	<p>Топтарға шығармашылық тапсырма: № 1есеп. Мына сандарды кластар атауымен жазыңдар. 1) 70563 - 70 мың 563 2) 4036008 - 4 млн 36 мың 8 3) 435072601 - 435 млн 72 мың 601 4) 8617500324 - 8 млрд 617 млн 500 мың 324. №26 есеп. Қандай сан разрядтық қосылғыштардың қосындысы ретінде жазылған. 1) $9 \cdot 100 + 6 \cdot 10 + 5 = 965$ 2) $5 \cdot 1000 + 7 \cdot 100 + 3 \cdot 10 + 6 = 5736$ 3) $8 \cdot 10000 + 5 \cdot 1000 + 4 \cdot 100 + 2 = 85402$ 4). $7 \cdot 10000 + 3 \cdot 1000 + 9 \cdot 10 + 4 = 73092$ № 3 есеп. Есептеңдер. 1) $(3377 + 783) : 8 = 4160 : 8 = 520$; 2) $(2465 - 917) : 18 = 1548 : 18 = 86$; 3) $(1401 + 975) : 24 = 2376 : 24 = 99$; 4) $45 \cdot 28 - 290 = 1260 - 290 = 970$; 5) $16 \cdot 39 : 24 + 74 = 26 + 74 = 100$; 6) $330 : 22 \cdot 8 - 30 = 15 \cdot 8 - 30 = 120 - 30 = 90$; Қортындылау. - Натурал сандар не үшін қолданылады? - Ең кіші натурал сан неше? - «+», «-» амалдарының компоненттерін ата; - «*», «:» амалдарының компоненттерін ата.</p>	Оқулық, дәптерлер.
Рефлексия (2 мин)	Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл - күйді бас бармақ арқылы бағалау.	Бас бармақтар